



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

14. Ильин Е.П. Работа и личность. Трудоголизм, перфекционизм, лень. – СПб.: Питер, 2011.
15. Карловская Н.Н., Баранова Р.А. Взаимосвязь общей и академической прокрастинации и тревожности у студентов с разной академической успеваемостью //Психология в вузе. 2008, №3.
16. Хухлаева О.В. Психология развития: Молодость, зрелость, старость: учеб. пособие. – М.: Академия, 2009.
17. Панькова Е.Ю. Академическая прокрастинация у студентов –Пермь: Пермский государственный национальный исследовательский университет.

ӘӨЖ 316:28

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ДІНИ АХУАЛДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сманкулова Айжан Исабекқызы

smankulova.ayzhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтану кафедрасының 2 курс студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Отар Э.С.

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп келе жатқанына жиырма жылдан асты. Осы жылдар аралығында біздің қоғамымыздағы барлық салаларда терең, түбегейлі өзгерістер орын алды. Қазақстан ел болып, еңсесін көтерді. Халықаралық деңгейде өзінің бәсекелес болуға қабілеттілігін көрсетіп келеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында адамдардың ойы мен санасында әлеуметтік-экономикалық мәселелер бірінші орынға шығып, рухани құндылықтардың кешеуілдегені байқалды. Қоғамда пайда болған осы рухани бостықтың орнын басқа елдерден келген әртүрлі діни идеялар толтыруға әрекеттенді. Елімізде бұрын естімеген «жаңа діндердің» пайда бола бастауы елдің діни өміріндегі жаңа құбылыс болды. Дінсіз мемлекет идеясын ұстанған елдің тығырықта тұрғанын ұтымды пайдаланған шетелдік миссионерлер өз тамырларын тереңге жіберіп үлгерді.

Жалпы елімізде ислам дінін ұстанушылар халық санының шамамен 67-70% құрайды. Республика халқының 58 % қазақтар және оларға қоса ұйғыр, татар, өзбек, түрік, курд, дүнген, шешен, әзірбайжан, башқұрт, ингуш, балкар қатарлы бауырлас халықтар түгелдей ислам дінін және оның ішіндегі сүнни (суннит) жолын ұстанады[1]

Кешегі күнге дейін Қазақстанда діни экстремизмнің төндіретін қауіпіне жеткілікті назар аударылмай келді. Бүгінгі таңда олардың қарқындауының ішкі себептеріне ықпал ететін келесі пайымдауларды келтіруге болады:

Біріншіден, әлеуметтік ортасы – халықтың білім деңгейінің төмендігі, қылмыстың өсуі, жастар арасында криминалдық қақтығыстардың көбеюі және олардың жемқорлыққа ұшырауы. Мысалы, исламның радикалды бағытын ұстанғандардың басым көпшілігінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігі: жұмыссыз, ақылы білім алуға жағдайы жоқ жастар, қалаға ауылдан келушілер және т.б.

Екіншіден, қоғамның рухани мәдени сауаттылығы – Кеңес үкіметі тарағаннан кейін пайда болған идеологиялық күйзеліс халықтың негізгі бөлігін заңды түрде рухани ізденіске алып келді, өз кезегінде діни ұйымдарды тиісті талдаудың нәтижесінде халықтың біршамасы дәстүрлі емес діни ұйымдар қатарына, кейін ақырындап радикалданып ауытқи бастады, олар үшін «дінге деген жаңа көзқарас» өзгеше жаңа идеологиялық бағдар болып табылды. Бұл үдерістерде аталған дәстүрлі емес ұйымдардың жетістіктері үшін халықтың негізгі бөлігінің сауатсыздығы басты фактор болып табылды.[2. 141б]

Дәстүрлі емес діни ағымдар өздерінің артынан ерушілерін аса білгірлікпен таңдап алады. Олар жастардың өзінің ағымына шақырмас бұрын жинақталған тәжірибеге сүйенеді. Жастардың әлеуметтік жағдайы, отбасылық әлеуеті, қолындағы мал-мүлкі - барлығы да есепке алынады. Осы жинақталған ақпараттардың негізінде сол теріс ағымның мүшесі болуға сәйкестігі қаралады. Дәстүрлі емес діни ағымдарға азаматтарымыздың мүше болуының төмендегідей себептері бар:

- мемлекеттің ақпараттық кеңістікте сараланбаған ақпараттың көптігіне салғырт қарауы;
- жастардың ақпараттың көптігінен жүйелі шешім шығаруға қабілетсіздігі;
- әлеуметтік өмірдің психо-физиологиялық ауыртпалығы;
- саналы ойлау қабілетсіздігі;
- азаматтардың өз өміріне мағына беруіне саналы түрде құлшынысының болмауы.

Жоғарыда аталған себептер нәтижесінде дәстүрлі емес діни ағымға тарту әрекеттері жүзеге асырылады. Дәстүрлі емес діни ағымға тарту әрекеттері белгілі бір әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асады. Бұл әдістер қарапайым, қолданыста тиімді және адамның үш қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған, яғни адамның әлеуметтік топтарға ену қажеттілігі, әлеуметтік ортасында беделді болуға талпынысы және қоғам үшін маңыздылығының артуы - адамның осы үш қажеттілігінен туындаған тәсілдер дәстүрлі емес діни ағымдардың жастарды өз қатарына оңай баурауының құралы болып келеді.

Діни сауаттылық дін туралы білім ретінде жалпы сауаттылықтың құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Барлық әлемдік, дәстүрлі, жаңа пайда болған діндер мен діни ағымдардың тарихын, ілімін, құндылықтар жүйесінен танып-білу мен жалған діндердің, деструктивті топтардың белгілерін ажырата алу дағдысы қалыптасқан адамда радикалды идеяларға қарсы «ақпараттық иммунитет» қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда жастар арасында діни сауаттылықты қалыптастырудың негізгі құралы ретінде ұлттық идеяны насихаттайтын жобалар мен бағдарламалар өзекті бола түседі.

Мәселен, Ақтөбе облысында оның тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешу жөніндегі жоба іске асырылды. Оған білікті деген 230 маман қатысты. Бұл - теолог, тәжірибелі имам, дәрігер, қаржыгер, психолог және жұмыспен қамту орталығының қызметкерлері. Сарапшылар жастар, студенттер және оқушылар, мұғалімдер және еңбек ұжымдарымен кездесті. Олар радикалды идеологияның мәнін, террористер адамдарды қалай азғырып көндіретіндіктерін, қандай әдістерді қолданатындығын түсіндірді.

Жалпы Ақтөбе облысында қол жеткізілген тәжірибе әдістемелік құралға жинақталып, басқа аймақтарға да таратылуда. Мысалы, дәл осы тәсілді қолдана отырып Астанада «Елордадағы қауіпсіздік пен жайлылық» жобасы іске асырылуда. Ол қала тұрғындарының, соның ішінде жастардың өзекті проблемаларын шешуге бағытталған[3].

Одан басқа Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 - 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.[4]

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризм фактілері бойынша сотталған азаматтар саны Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің ақпараттарына сүйенсек, соңғы 9 жылда 21 есеге өскен.

Сондай-ақ Бас прокуратураның мәлімдеуінше, 2014 жылдың I-тоқсанында діни экстремизм мен терроризмге қатысы бар деген 50 факті тіркелген, 2013 жылмен салыстырғанда 61,3%-ға өскен. Демек соңғы 9 жылда бұл баптар бойынша қылмыстық атқару жүйесінде жазасын өтеп жүргендер санының көбеюі Қазақстанның діни қауіпсіздігіне нақты сын-қатерлер күтіп отырғанын көрсетеді. Себебі Бас прокуратураның талдау жұмыстары көрсеткендей, діни экстремизм мен терроризм баптары бойынша жазасын өтеушілердің 60% жуығы 29 жасқа дейінгі жас азаматтар және оның 95% жұмыссыз жастар болатын. Бұл дегеніміз қылмыстық атқару жүйесінде экстремистік идеологияның таралуын және басқа да азаматтардың жалған діни ілімнің жетегінде кету қауіптері туындап отыр[5].

Қорыта айтқанда қазақстандықтардың басым көпшілігін ислам дінін ұстанатындар құрайтындықтан, әлемдегі ислам дінін ұстанатын елдердің басым көпшілігінің оң тәжірибесін қарастыру қажет. Осы орайда, қоғамның нақты жағдайында мемлекетпен дәстүрлі және дәстүрлі емес діндер арасындағы қатынастарды реттейтін зайырлы қағидаттар тұжырымдамасын қалыптастыру аса маңызды. Зайырлылықтың бұл концепциясы шетелдік мемлекеттердің озық тәжірибелері мен кем тұстарын ескеретін, зайырлылық қағидатын талқылаудағы үстірт және қоғамда қалыптасқан стереотиптік ұғымдардан алшақ, қазіргі және келешек Қазақстан қоғамындағы шынайылыққа сай келетін концепция болуы қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мұртаза Б. Қазақстандағы дін және мемлекет қатынастары// «Дала мен Қала» газеті. №5 04.02.2005ж.
2. Назарбек Ж.А. ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және социология сериясы// «Еліміздегі діни ахуал мәселелері: әлеуметтанулық талдау» №1 2016ж .140-145 б.
3. Сәкенов Қ. ҚР Бас прокуратурасының ресми сайты// «Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл – қоғам тұрақтылығының кепілі». 28.02.2017
4. Шестернева С. Республикалық қоғамдық-саяси «Литер» газеті //«Заслуженное наказание». 07.03.2018 жыл.
5. Қожбанхан Е. ҚР дін істері және азаматтық қоғам министрлігі дін істері комитетінің дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы// «Еліміздегі діни ахуал мәселелері».

УДК 159.9

ИНФОРМАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ АКАДЕМИЧЕСКОЙ МОБИЛЬНОСТИ

Суяргулов Динислам Ирекович

d.suyargulov@mail.ru

магистрант, Башкирский Государственный Педагогический Университет им. М.Акумлы, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, программа дудипломного образования
Научные руководители – В.Ф.Бахтиярова, К.У.Темиров

В настоящее время задачей высшей школы является ее модернизация, способствующая повышению доступности, качества и эффективности образования. Достижению этой задачи во многом способствует развитие академической мобильности студентов в условиях информатизации образования.

Академическая мобильность — одна из важнейших сторон процесса интеграции вузов и науки в международное образовательное пространство. Кроме того, академическая мобильность — исключительно важный для личного и профессионального развития процесс, так как каждый его участник сталкивается с необходимостью решения жизненных ситуаций и одновременного анализа их с позиции культур.

Развитие профессионального образования и профессиональной подготовки является одной из приоритетных задач образовательной политики. Образование и профессиональная подготовка являются ключевыми экономическими составляющими востребованности молодых людей на рынке труда, а также обеспечения профессиональной квалификации необходимого уровня. Для этого необходимо: во-первых, оптимизировать усилия для решения проблемы доступа к качественному обучению, во-вторых, сделать образование адекватным глобальному инновационному процессу. Для решения этих задач обеспечения